



БҰЙРЫҚ

Шахан кенті

Шахан кенті

ПРИКАЗ

№ *92*

поселок Шахан

Мектептегі оқу процесі
кезінде ұялы телефондар
мен басқа да аудио және
бейне аппаратураларды
пайдалануға тыйым
салу туралы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 23 ақпандағы № 64-VIII Заңының және мектептегі ішкі Ережесінің 1 бөлімі 1.16 тармақшасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім алушылардың оқу процесі кезінде кез келген режимде сабақтарда ұялы телефондарды пайдалануына тыйым салынсын, мұғалімнің рұқсатымен телефонды жаңа білім алу үшін қажет болғанда, сабақта қолдануға болады.

Егер оқушы мұғалімнің рұқсатынсыз телефонды сабақта өзінің жеке қызығушылығы үшін пайдаланса, мұғалім оны алып, ата-анасының немесе оқушының заңды өкілдерінің қолына беруге құқылы. (оқушылар мектеп ғимаратында ұялы телефонды сабақтан тыс уақытта заманауи байланыс құралы ретінде қолдануға құқылы: қоңыраулар шалу, смс-хабарламалар жіберу, ақпарат алмасу, радио мен музыканы құлаққап арқылы тыңдау).

2. Сынып жетекшілер білім алушылардың (заңды өкілдердің) назарына телефонның, өзге де планшеттік компьютерлердің және басқа да аудио, бейне аппаратуралардың сақталуына оның өздері ғана жауапты екендігі туралы ақпаратты жеткізсін. Мектеп жоғалғаны үшін жауап бермейді.

3. Осы бұйрықпен педагогтар, сынып жетекшілер, ал олар өз кезегінде оқушылар мен ата-аналарды (заңды өкілдерді) таныстырып, талапты орындамаған жағдайда жауаптылық жүктелетіні туралы ескертсін.

4. Директордың тәрбие ісінің орынбасары А.Рахметжан оқу процесі кезінде ұялы телефондар мен өзге де аудио және бейне аппаратураларды пайдалануға тыйым салу туралы бұйрықты мектептің әлеуметтік парақшасына, мектеп сайтына орналастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Э.Рамазанова

Таныстырылды

2024 ж. 01.09

А.Рахметжан

(қолы, күні)